

"AI-Farabi" ордені туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 20 сәуірдегі № 1237 Жарлығы.

Білім, ғылым, мәдениет пен руханият салаларында елеулі жетістіктерге жеткен Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтарын көтермелеу мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Мемлекеттік награда - "AI-Farabi" ордені тағайындалсын.
2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:
 - 1) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізуді қамтамасыз етсін;
 - 2) осы Жарлықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.
3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі "AI-Farabi" орденінің эскизін әзірлесін.
4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ.Тоқаев